



№13 (8217)
2 сәуір
БЕЙСЕНБІ,
2026 ЖЫЛ



Кен Жылоу

Жылыой аудандық қоғамдық-саяси газеті

Газет 1933 жылы 4 қазаннан шыға бастады



www.facebook.com/kenzhylol
ken_jyloi_gazeti

* Сұхбат



ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫ ДЕГЕН НЕ?

Соңғы жылдары қаржы пирамидаларының жаңа түрлері белең алып, қоғам үшін күрделі мәселеге айналып отыр. Ғаламтор мен әлеуметтік желілердің дамуы алаяқтарға өз құрбандарын оңай табуға мүмкіндік беріп, олардың әрекетін бұрынғыдан да қауіпті ете түсті. Жылдар бойы жинаған қаржысынан әп-сәтте айырылып қалып жатқан азаматтардың қатары азаймай отыр. Жылтыр жарнама мен оңай табысқа деген қызығушылық талай адамды опық жегізуде. Қаржы пирамидаларын ұйымдастырушылар көбіне жылжымайтын мүлік, көлік немесе тұрмыстық заттар сатып алу үшін тиімді инвестиция ұсынып жатқандай көрінеді. Алайда шын мәнінде бұл – жаңа қатысушылардың ақшасы арқылы бұрынғыларды “байытуға” негізделген заңсыз схема. Осы мәселеге қатысты аудандық Полиция басқармасы криминалды полиция бөлімінің аға жедел уәкілі, полиция аға лейтенанты Дамир Бейсенбайұлымен сұхбаттасқан едік.

➔ 3-БЕТ

* Төтенше жағдай

ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ КҮШЕЙДІ

Ауданда көктемгі су тасқынының алдын алу бағытында жұмыстар жалғасуда. Бұл ретте Бақашы және Қарағай елді мекендерінде гидрошлюз құрылысы толық аяқталып, пайдалануға берілді. Ал Сарқырауық маңындағы су ағынын реттеу каналының құрылысы сәуір айының басында тәмамдалады деп жоспарланып отыр.

Жем өзені бойына салынған негізгі гидротехникалық нысанның биіктігі 3,5 метрді, ал ұзындығы 125 метрді құрайды. Бұл гидрошлюз арқылы Құрсай өзеніне жіберілетін су көлемін реттеуге мүмкіндік туды. Қазіргі таңда нысан маңында қоршау және қауіпсіздік шаралары жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстарға 15 адам мен 5 арнайы техника жұмылдырылған. Мердігер мекеме өкілінің мәліметінше, гидрошлюз арқылы секундына 5-6 текше метр су жіберіледі. Ал су қоймасында 2500-3000 текше метрге дейін су жинақталады. Көктем мезгілінде жиналған су Құлсары қаласын сумен қамтамасыз етуге бағытталса, жаз айларында өзен арнасына кезең-кезеңімен жіберілетін болады. Бұл өңірдегі су ресурстарын тиімді басқаруға мүмкіндік беретін

маңызды тетік болғалы тұр. Ауданда тасқын қаупі негізінен Жем өзені арқылы туындайды. Қауіпті аймақтардың қатарына Құлсары қаласымен қатар, Жем және Қара-Арна ауылдық округтері кіреді. Осыған байланысты өңірде өзен арнасын тереңдету және жағалауды бекіту жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Қазіргі таңда Бақашыдағы гидрошлюз арқылы Құрсай өзеніне су жіберілді. Жергілікті әкімдік мәліметіне сәйкес, бұл су Құлсары қаласы аумағындағы Қамысқол көлін толтыруға бағытталған. Аталған жұмыстар өңірдің экологиялық ахуалын жақсартумен қатар, су тапшылығының алдын алуға да оң әсерін тигізеді анық.

Д.ДЕРБІС



* Ауыл шаруашылығы

ВЕТЕРИНАРЛЫҚ ПУНКТТЕР ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Ауыл шаруашылығы – ел экономикасының тірегі, ал төрт түлік мал – сол асаланың тұрақты дамуының басты кепілі екені даусыз. Осы бағытта жүйелі жұмыстар атқарылып жатқан ауданымызда ветеринария саласына ерекше көңіл бөлініп келеді. Соның нақты көрінісі ретінде таяуда ғана Жем ауылдық округінде ашылған жаңа модульдік ветеринарлық пункт пайдалануға берілді.

Заманауи талаптарға сай салынған бөлімше толықтай қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Мұнда төрт ветеринар маман тұрақты жұмыс істейді. Олар малды диагностикалау, емдеу, вакцинация жүргізу және түрлі індеттердің алдын алу шараларын жүзеге асырады. Бұл, әсіресе, мал шаруашылығы кеңінен дамыған ауылдық аймақ үшін аса маңызды. Бүгінде аудан көлемінде 459 шаруа

қожалығы тіркелген. Онда 25 мыңнан астам ірі қара, 23 мың жылқы және 13 мыңға жуық түйе өсіріледі. Бұл көрсеткіштер өңір экономикасында ауыл шаруашылығының үлесі жоғары екенін аңғартады. Сондықтан ветеринарлық қауіпсіздік пен мал денсаулығы – тұрақты дамудың негізгі факторларының бірі. Жаңа ветеринарлық пункттің ашылуы – осы бағыттағы жүйелі жұмыстың бір көрінісі. Жоба ауыл

шаруашылығын дамытудың 2021–2030 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда. Бағдарлама шеңберінде өңірде ветеринарлық инфрақұрылымды жаңғыртуға ерекше көңіл бөлінген. Бұл туралы облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Элеонора Даутбаева:

– Өткен жылы облыс бойынша 27 осындай нысан салынса, биыл 28 пункт ашу жоспарланған. Ал алдағы кезеңде тағы 40 нысан бой көтермек. Бұл жобаларға республикалық бюджеттен қаражат бөлінді. Жаңа ғимараттың басты мақсаты – ауыл тұрғындарына ветеринарлық қызметті қолжетімді әрі сапалы түрде ұсыну. Бұған дейін Жем округіндегі ветеринар мамандар қолайсыз жағдайда, әкімшілік

ғимараттарының бір бөлмесінде жұмыс істеп келген еді. Қазіргі жаңа пункт олардың қызметін тиімді ұйымдастыруға толық мүмкіндік беретініне сенемін, – деді ойын билдіріп.

Айта кететін жайт, жаңа ғимарат тек Жем округімен шектелмейді. Бұдан бөлек бір мезетте Қосшағыл, Қара-Арна ауылдық округі мен Жаңа Қаратон кентінде де ветеринарлық пункттер ашылды. Ал бұл саладағы кадр мәселесі де кезең-кезеңімен шешімін табуда. Атап айтсақ, соңғы жылдары ветеринар мамандарды тарту мақсатында біржолғы көтерме жәрдемақы беру тәжірибесі енгізілген. Бұл ретте 2024 жылы 6 маман, ал 2025 жылы 4 маман осындай қолдауға ие болған.

Д.ДЕРБІС

Бүгінгі санда:

Тұяқ дүбіріндегі тарих



➔ 4-БЕТ

* Баспасөз - 2026

Кен Жылоу

газетіне 2026 жылға жазылу жалғасуда!

- * Ауданға қатысты жаңалықтар
- * Визитті мақалалар, сұхбаттар
- * Жарнамалар

Индекс: 65583

Баламалы негізде: 8 айға - 2290 тг.
Пошта арқылы: 8 айға - 3210,20 тг.

“Кен Жылоу” газетіне баламалы түрде төмендегі нөмір арқылы жазыла аласыз: 8-701 413 95 22

